



ТАҚЫРЫБЫ: ДЕЗИНСЕКЦИЯ БУЫНАЯҚТЫЛАРМЕН КҮРЕСУ ЖАБДЫҚТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. ДЕРАТИЗАЦИЯ ӘДІСТЕРІ, ЖАБДЫҚТАРЫ. КАМЕРАЛЫҚ ДЕЗИНСЕКЦИЯ ЖӘНЕ ДЕЗИНФЕКЦИЯ.

Орындаған: Бубеева.Б.А

Тексерген: Жақан.Ж.

Факультет: ҚДС

Тобы: 13-001-01

ЖОСПАРЫ

- **Кіріспе**

- **Негізгі бөлім**

 - А) Дезинсекция туралы жалпы түсінік.

 - Б) Дератизация әдістері, жабдықтары.

 - В) Камералық дезисекция және дезинфекция.

Қорытынды

- **Пайдаланылған әдебиеттер**

КІРІСПЕ

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 144-бабының 6 тармағына сәйкес «Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары бекітілген.
- Осы «Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) дезинфекция, дезинсекция және дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.
- Жұқпалы ауру қоздырғыштарының таралу жолдарын үзу үшін де індетке қарсы шара ретінде дезинфекция мен дезинсекция кеңінен пайдаланылады.

- «Des» – теріс, қарсы, «insectum» - жәндік мағынаны білдіреді. Дезинсекция – инфекциялы ауруларды тарататын және адамға зиянкестік тигізетін буынаяқтыларды жою. Кең мағынада дезинсекция - адам, тұрғын үй мен табиғат аймақтарында буынаяқтыларды жоюға бағытталған шаралар.
- Дезинсекция деп жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын тасымалдаушы және адамның еңбегі мен демалысына кедергі болатын буынаяқтыларды өлтіруге немесе қоршаған ортадан аластауға бағытталған шаралардың жиынтығын айтады. Бастапқыда дезинсекция деген термин адамдарды қоршаған ортаны тек қана жәндіктерден босату деген ұғымды білдірді. Бірінші рет бұл сөзді 1909 жылы Н.Ф.Гамалея қолданды. Қазіргі уақытта дезинсекция буынаяқтылармен күресудің әдістерін және жабдықтарын қамтамасыз ететін дезинфекция ілімінің тарауы болып есептелінеді.

ДЕЗИНСЕКЦИЯ ТҮРЛЕРІ

Алдын-алу дезинсекция

- Алдын алу дезинсекциясы буынаяқтыларды мекен-жайларға, мекемелерге енгізбеу, адамдарды олардан қорғау, буынаяқтылардың өмір сүруіне, көбеюіне кедергі жасау үшін жасалады. Алдын алу шаралары төменгідей: батпақтарды құрғату, өзендерді тазалау, терендету, мекенжайлардың, жеке бас гигиенасын, тамақты және олардың қалдықтарын дұрыс сақтау және т.б.

Жою(ошақтық) дезинсекция

- Жою (ошақтық) дезинфекциясы - трансмиссивтік жұқпалы аурулар мен қышыма ошақтарында және нәжіс-ауыз механизмі арқылы таралатын жұқпалардың ошағында буынаяқтылар кездесе, міндетті түрде өткізіледі. Жою шаралары адамды қоршаған ортадағы буынаяқтыларды, олардың барлық даму сатысында және өсіп, көбейетін барлық орындарда құрту үшін жүргізіледі.

ДЕЗИНСЕКЦИЯНЫҢ ӘДІСТЕРІ:

- 1. Физикалық заттарды қолданып, буынаяқтылардан қорғануға немесе оларды біркелкі жоюға болады.
- 2. Химиялық препараттардың күшімен буынаяқтыларды үркіту немесе өзіне тарту арқылы біразын жоюға болады.
- 3. Биологиялық әдіс арқылы буынаяқтыларды паразиттермен залалдайды, соның нәтижесінде олар ауырады, ұрықтау қасиетінен айырылады, тіпті кейде өледі.

ДЕЗИНСЕКЦИЯЛЫҚ ШАРАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ КЕРЕКТІ АСПАПТАР

- Дустыларды шаңдату, эмульсия мен суспензияларды шашу, қабырға, еден, тұрмыс заттарын жуу үшін химиялық дезинфекцияда пайдаланылатын аспаптарды қолдануға болады. Олар- су пульті, пульверизаторлар, автомакстар, шашыратқыш «Дезинфекталь», дегазация аспабы, желдеткіш, шаңдатқыш, ауа арқылы жұмыс істейтін пульверизатор «Флит», моторлы шашыратқыш «Серна» т.б
- Егер табиғи жағдайда үлкен аймаққа дезинсекция жасау қажет болса, онда тікұшақтарды, арнайы автотранспортты пайдалануға болады.

ДЕЗИНСЕКЦИЯ ШАРАЛАРДЫ АТҚАРУШЫЛАР.

- Буынаяқтыларға қарсы күресті негізінен дезинфекциялық станциялар жүйелері және санитарлық-эпидемиологиялық станциялардың арнаулы бөлімдері жүргізеді. Өңдеудің мөлшері мен өткізу тәртібі, керекті дезинсекция әдістері мен құралдары жәндіктердің түріне, олардың санына, объекті мен ошақтың санитарлық жағдайына байланысты анықталады және тиісті нормалық құжаттармен реттеледі.
- Қалалық дезинфекция станциясының алдын алу бөлімшесі өндіріс орындары мен мекемелермен жасалған шартқа сәйкес олардың қаражатын пайдаланып, дезинсекция жұмысын жүргізеді. Ошақтық дезинсекция бөлімі эпидемиялық ошақтарда дезинсекция шараларын орындайды. Камералық дезинсекция бөлімінде адамдарды тексеріп, өңдеу жұмыстарын жүргізуге қажетті санитарлық бөлме және заттарды дезинсекциялайтын камералар бар.
- Дезинфекциялық станциялар және сан-эпид. басқарманың дезинфекция бөлімдері балалар, емдеу-алдын алу мекемелерінде дезинсекцияны ұйымдастыруды және оларда санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы тәртіптің сақталуын қадағалайды.

АЛДЫН АЛУ ДЕЗИНСЕКЦИЯ.

- Алдын алу дезинсекциясы жұқпаның эпидемиялық ошағы пайда болмай тұрғанда аурулардың алдын алу мақсатында өткізіледі. Халықтың көп жиналатын жерлерінде, үлкен ғимараттарда, тұрмыстық мекемелерде, жолаушылар көліктерінде және т.б. алдын алу дезинсекциялық жұмыстары жүргізіліп отырады. Өндіріс орындары мен мекемелерде камералық өңдеудің қажеті болмаса, алдын алу дезинсекция шаралары өз күштерімен үздіксіз жүргізіліп отырады. Егер камералық өңдеу қажет болса бұл жұмысты өндіріс орындары мен мекемелерімен жасалған шартқа сәйкес дезинфекциялық станциялар немесе сан. эпид. басқарманың бөлімдері атқарады.
- Алдын алу дезинсекциялық шараларының негізгі мақсаты - жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын тасушыларды құрту емес, оларды адам маңында болдырмау, кей жағдайда олардың санын азайту. Оладамның жұмысы мен демалысына зиянды буынаяқтылардың өсуіне, көбеюіне және таралуына қарсы бағытталған.

ДЕРАТИЗАЦИЯ ӘДІСТЕРІ, ЖАБДЫҚТАРЫ.

- Дератизация – індет ауруларын тарататын кеміргіштерге (егеукүйрык, тышқан, т.б.) қарсы күрес. Дератизация кеміргіштер тарататын түрлі аурулардың (оба, туляремия, күтыру, сарып, күйдіргі, сальмонеллез, т.б.) қоздырғыштарын дер кезінде құрту, олардан сақтандыру үшін жүргізіледі.
- Дератизацияны жүргізу инфекциялық ауруларды төмендету және алдын-алуға бағытталған керекті санитарлық-эпидемияға қарсы шаралар жиынтығы болып табылады.
- Эпидемиологиялық маңыздылығына және кеміргіштермен күресудің жергілікті жағдайына қарай келесі ұйымдастыру формалар қолданылады:
- **I. Ошақтық дератизация**
- **II. Жалпы дератизация**
- **III. Таңдаулы дератизация**

○ I. Ошақтық дератизация эпизодикалық түрде өтеді, яғни 1 рет өткізіледі. Басты жұмыс болып кеміргіштерді белгіленген ошақтарда жою. Мұндай жұмыстың қорытындысы әрқашанда уақытша болады. Бұның маңыздылығы шектелген учасоктерде кеміргіштерді жоюмен көрінеді.

○ II. Жалпы дератизацияның екі түрі бар:

а) бір мезгілде (бірлік)

б) тұтас жүйелік дератизация

Жалпы жүйелік дератизация - көбінде үлкен қалаларда өткізіледі.

○ III. Таңдаулы дератизация – кеміргіштермен күресуі дамудың алғашқы сатысында болған тұрғын пункттерде жүргізіледі. Таңдаулы дератизацияға тек керекті ғана объектілерді алады – тоңазытқыш, ет және балық заводы, элеваторлар, сату склады, емдік, балабақшалық және жануар өсіретін өндіріс.

Дератизациялау улы
қармақжемдерді қою,
тозаңдату, газдау
әдістерімен физикалық,
механикалық, химиялық
әдістермен жүргізіледі.
Дератизациялау тәсілі мен
әдісін таңдау өнделетін
объектінің
ерекшеліктерімен,
нысаналы кеміргіштердің
экологиясымен және
дератизациялау
құралдарының
қасиеттерімен
айқындалады.



МЕХАНИКАЛЫҚ ӘДІС

- Кеміргіштерді жоюдың механикалық әдісі- әртүрлі құралдың көмегімен ұстап алып өлтіру. Бұл басқа әлістермен бірге қолданылады, бірақ химиялық және биологиялық әдістердә қолдану қауіпті болса (балалар, емдеу, кейбір тамақ мекемелері) және аулау саймандары кеміргіштердің санын анықтау үшін керек болса, бұл әдіс жеке қолданылады.
- Құрылысының ерекшелігіне байланысты барлық аулау саймандары 2 топқа бөлінеді: қысатын қақпандар, егер кеміргіштер оларға ілінсе, механикалық жолмен жойылады. Және тірідей ұстайтын құралдар, олардың көмегімен кеміргіштерді ұстап, кейін құртады.

ҚАЗАҚСТАНДА КЕҢ ҚОЛДАНЫЛАТЫН РАТИЦИДТЕР

- Зоокумарин- кумулятивтік қасиеті бар, сондықтан кеміргіш өлу үшін оның бірнеше мөлшерін қабылдауы керек. Ішек уы ретінде әсер етеді, қан тамырларының өткізгіштігін күшейтеді, қанды сұйылтады. Кеміргіш 7-10 күннен кейін өледі. Препарат адамға қауіпті емес, ұзақ сақталады, кеміргіштерге қауіптілігін жоғалтпайды, сондықтан қазіргі уақытта дератизацияның негізгі препараты болып есептеледі.
- Цинк фосфиді- түрі сұрқара, әлсіз сарымсақ иісті ұнтақ. Жем құрамында ішек уы ретінде әсер етеді, нерв жүйесін, қанды, ішкі секреция бездерін улайды. Әсер ету уақыты тез, адамға қауіпті, әр түрлі объектілердегі кеміргіштерді тез құрту керек болғанда қолданылады.
- Ратиндан- 0,5% дифекациннен және 99,5% бейтарап толықтырғыштан тұратын қоспа. Жем құрамына оның 3%-ын қосқанда ішек уы ретінде әсер етеді. Суға ін ауыздарына себіледі. Кеміргіштер 5-8 күннен кейін өледі. Балалар, емдеу мекемелерінде қолдануға болмайды.



КРЫСЫ



КРОТЫ



КЛЕЩИ



МУРАВЬИ



ТАРАКАНЫ



МОЛЬ



МЫШИ



МУХИ



ОСЫ



КЛОПЫ



БЛОХИ



КОМАРЫ



ХИМИЯЛЫҚ ӘДІС


- Химиялық әдіс (кең таралған және нәтижелі)- ратицидтер деп аталатын уларды қолдану. Олардың күшімен кеміргіштерді жоюдың 3 түрі бар:
 - 1. Уланған жемді пайдалану
 - 2. Кеміргіштер пайдаланатын су көін улау
 - 3. Кеміргіштердің індеріне, жолдарына, жиі болатын объектілеріне у себу.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІС

- Дератизацияның биологиялық әдісі қазіргі уақытта сирек қолданылады. Тамақтан дайындалған жемдерге бактерияларды қосады және оның әсерін күшейту үшін ратицидтік летальдыққа жақын мөлшерін тағы да қосады. Әдістің кемшілігі- кеміргіштер ауырып болғаннан кейін 3-4 айға жететін мықты иммунитет алады. Сондықтан дератизацияның биологиялық әдісін жылына 2 рет 4-6 айдан кейін қайталауды ұсынады.

КАМЕРАЛЫҚ ДЕЗИНСЕКЦИЯ ЖӘНЕ ДЕЗИНФЕКЦИЯ

- Дезинфекциялық камералар заттарды сенімді түрде залалсыздандырады және көпшілік жағдайда басқа әдісті қолдануға болмайтын заттарды- киімді, төсек орынды, кітаптарды және т.б өңдеу үшін қолданылады; таңу материалдарын, жүнді, қылшықты, ескі-құсқы заттарды залалсыздандыру үшін де пайдаланылады. Дезинфекция камералары емдеу және санитарлық мекемелерде, санитарлық өңдеу бөлмелерінде, жатақхана, кәсіпорындарда орнатылады. Әрбір камерада өзінің негізгі бөлімінен басқа жылу көзі, өлшеу-тексеру құралдары, дезинфекция заттарын шашырататын, желдеттіретін аспаптар болады.
- Камерада әсер етуші агенттерді қолдануға байланысты *камералардың ыстық ауалы, газдармен, формалин булы, вакуумформалинді* түрлері болады.
- Өзінің құрылысына байланысты олар *тұрақты* және *жылжымалы* болып келеді.



- Дезинфекция камераларының цилиндрлік түрлері заттарды дезинфекциялау және дезинсекциялау үшін қолданылады. Залалсыздандыратын агент ретінде қаныққан су буы пайдаланылады. Қаныққан су буы бактерияларды, олардың спораларын және вирустарды өлтіре алады, әсіресе, жоғары қысыммен бірге қолданғанда.
- Формалин булы камералар- тік бұрышты, екі есікті қорапқа ұқсайды, әрбір тиейтін және түсіретін бөлімдерінде бөлек есіктері бар. Бұл камералар теріден, 60 градустан жоғары температурада бұзылатын аң терісінен жасалған заттарды дезинфекциялау үшін пайдаланылады. Формалин буын қолдану арқылы мақта-маталар, жүннен жасалған киімдер, төсек-орындар 80-85 градус температурада 5 мин ішінде, ал теріден жасалған киімдер, аяқ киімдер 57-59 градус температурада 30 минутта өңделеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Әміреев С.Ә, Темірбеков Ж.Т.
Эпидемиология. Т.1. Жалпы
эпидемиология. - Алматы: Ғылым, 2000,
47-489 б.